



ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

Өзін-өзі бағалау есебі 2025-2026 оқу жылы



1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру қызметінің ұйымы үшін аумақты қолдану құқығына байланысты құжаттардың болуы және ғимарат туралы мәлімет:

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы»-ның жылжымайтын объектіні тіркеу жөнінде техникалық төл құжаты бар:

Мекен жайы – ШҚО, Күршім ауданы, Күршім ауылы, Бунтовских к. №14 үй.

Кадастрлық номері № 05-072-020-1124 - 2014 жыл 21 желтоқсан.

Инвентарлық құжаты №241201000001

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Балабақша телефоны, электрондық поштасы: 8(72339) 2-13-02,
Kurchum.balabaksha@mail.kz, web-сайт:<https://dskurchum-vko.kz/balabakshaturaly/pedagogikalyk-komanda/pedagogtyk-k-ramny-sapalyk-zh-ne-sandyk-sipattamasy.html>

Instagram: **kurchum_balabaksha**

Заңды тұлға өкілінің мәліметтері:

Балабақша-бөбекжайы директоры: Кудабоева Назым Кокешевна

Байланыс телефоны: 8705-101-25-04. ШҚО Күршім ауданының білім бөлімінің 2014 жылдың «15» қазанындағы №49 бұйрығымен тағайындалды.

Ссылка: <https://dskurchum-vko.kz/images/it17/1/2.pdf>

Балабақшаның жұмыс бағытының барлық материалдары: <https://dskurchum-vko.kz/balabaksha-turaly/pedagogikalyk-komanda/pedagogtyk-k-ramny-sapalyk-zh-ne-sandyk-sipattamasy.html> сайтында көрсетілген.

Білім беру ұйымының стратегиялық мақсаты: Тәрбиеленушілердің Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын игеру сапасының арттыруы.

Түйінді тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар»

Мақсаты:

Мектепке дейінгі білім берудегі инновацияларды МДҰ оқу-тәрбие жұмыстарында тиімді қолдана білу.

Құрылтайшылық құжаттар және білім беру ұйымының ішкі тәртібін регламенттейтін құжаттары:

Мекеменің атауы: «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны»

1.1 Күршім ауданы әкімиятының 15.07.2003 №539а санды қаулысы негізінде «Күршім ауылының балалар бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын болып құрылды.

1.2 ШҚО Әділет департаменті Күршім ауданының Әділет басқармасы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 01 тамыз 2003 ж куәлік берген.

Тіркеу нөмері 108-1917-06-МК

Бизнес – сәйкестендіру нөмері 030840005311

1.3 Статикалық карта. ҚҰЖС кодының берілген күні 08.08.2003 ҚҰЖК мемлекеттік классификаторы бойынша коды 40030643

1.4 Техникалық төлқұжат - №05:072:020:1124:1 - 2014 жыл 21 желтоқсан.

1.5 Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2008 жылдың 28 наурызындағы «Күршім ауылы, Бунтовских көшесі, №14 үй Күршім аудандық Білім бөлімі басқармасына қарасты коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Күршім ауылдық балалар бақшасын» орналастыру және пайдалану үшін жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын табыстау туралы» №60 өкіміне сәйкес көлемі 0,8598 гектар жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығы жобалау сызбасына сәйкес берілді. 2008 жылғы 28 наурыздағы №60 Күршім ауылдық округі әкімінің өкімі негізінде №7006860 Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ алынды.

1.6 «Күршім ауылының балалар бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2003ж 1 тамыз №108-1917-06-МК куәлік негізінде

«Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі ШҚО Әділет департаменті Күршім аудандық Әділет басқармасы» жарғысы бекітілген.

1.7 «Күршім ауылының балалар бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен» айналысуға 2004 жылдың 8 желтоқсанында берілген мерзімі шектелмеген уақытқа Шығыс Қазақстан облысының білім департаментінен №0008026 нөмерлі лицензия берілді.

1.8 «Күршім ауылының балалар бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметін бастағаны» туралы «ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шығыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылың 4 қыркүйегінде №KZ65RVK00004361 нөмерлі Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама алынды. Балабақша атауы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Асханалық блок - 30,8 ш/м құрайды. Асханада 6 көзді 1 электроплита, 4 көзді электроплита 2, 1 қуыру пеші, 3 тоңазытқыш, 1 мұздатқыш, 2 ет тартқыш құралы бар. Ыдыс аяқ жуғанға 3 секциялы раковина бар, шикізат тұрайтын, және пысқан затты тұрайтын стол, нан салатын жеке арнайы жәшік. Вытижка және барлық жихаздармен ыдыс аяқтармен қамтылған. Мектепке дейінгі ұйымда перспективалық маусымдық ас мәзіріне сай бес уақыт тамақтандыру қарастырылған.

Оқу жүктемелері барлық жас ерекшелік топтарда санитарлық гигиеналық нормалар мен ережелерге және Мемлекеттік стандарттың техникалық талаптарына жауап береді.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақша» КМҚК өз жұмыс барысында ҚР Білім туралы заңы 3 бабының мынандай негізгі принциптеріне сүйенеді.

- баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
- әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;
- білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы; адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;

- білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
 - оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;
 - білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;
 - білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы.
- Сонымен қатар ҚР білім туралы заңының 11 бабына сәйкес, мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған саналы білім алу үшін қасиетті жағдайлар жасау.
2. Жеке адамның шығармашылық рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту.
3. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отанына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу.
4. Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шет тілдерін меңгерту.
5. Педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету.
6. Білім берудің жаңа технологияларын тиімді пайдалану.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты – мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұрғыдан дамып қалыптасуына және оқтайлы әлеуметтенуіне, жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтарға негізделген маңызды құзіреттіліктерді игеруіне ықпал етуші. Кеңістікті туғызу және оған кешенді түрде жетекшілікті ұйымдастыру, социумда жағымды қарым-қатынас жасауға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақстан халқының ұлттық дәстүрлері негізінде салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру;
- мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық потенциалын дамыту;
- танымға, білім құмарлыққа деген қызығушылығын белсендіру;
- Қазақстандық қоғамда қалыптасқан адами, жағымды әлеуметтік мінезқұлықтар, нормалар, мінез-құлық ережелері, халықтық салттар мен дәстүрлер үлгілерінде баланың құндылық бағдарларын
- мектеп жасына дейінгі баланың өз-өзін дамытуын, өзіндік қабілетін дамытуға қажетті жағдайларды туғызу;

- мектепке дейінгі баланың өз бетінше әрекет етуіне қолдау көрсету және дамыту;
- баланың сөйлеуін және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту; баланың танымдық дамуы, интеллектуалдық іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру, танып-білуге қызығушылығын арттыру;
- баланың бойында эстетикалық сезімді дамыту, бейнелеу, көркемдік-тілдік, музыкалық іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастық және үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;
- әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру бойынша мониторинг ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы.

Балабақша-бөбекжайының жұмыс режимі:

- 1- қыркүйектен 31- мамырға дейін – білім беру тәрбиелеу үрдісі жүзеге асады;
- 1-маусымнан 1 шілдеге дейін - жазғы сауықтыру кезеңі;
- жұмыс аптасы - бес күндік;
- балалардың балабақшада болу ұзақтығы -10,5 сағат;
- күнделікті жұмыс кестесі: 7:45-ден 18:00-ге дейін;